

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ  
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ  
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
*атты Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған жоғары оқу  
орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен  
студенттердің ғылыми конференциясының*  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**30 сәуір 2013 жыл**

**VII Шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Ежегодной Межвузовской научной конференции  
магистрантов и студентов, посвященной Празднику  
единства народа Казахстана*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,  
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

**30 апреля 2013 года**

**VI Выпуск**

**Алматы қаласы**

**город Алматы**

*Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»*

**Ответственный редактор**

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

**Члены редколлегии:**

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А\_\_ **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Празднику единства народа Казахстана. 30 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 212 с.

**ISBN**

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК  
ББК**

*Сембай Д.,*  
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*заң факультетінің 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.*

**ЖАУАП АЛУ ТАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. КӘМЕЛЕТ  
ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРДАН ЖАУАП АЛУ НЕМЕСЕ ЖАУАП  
АЛҒАНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР**

Жауап алу дегеніміз заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алынып, олар қылмысты ашуға пайдаланылады.

Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда: жәбірленушіден, сезікті адамнан, куәден, айыпкерден жауап алу деп, бұл тергеу әрекеті төрт түрге бөлінеді. Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиісті, Бірақ іс бойынша неғұрлым көп, маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда, бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ ол қаншалықты тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Жауап алғанда қылмысты оқиғаға қатысты мынандай мәліметтер: қылмыстың болған уақыты, оның орны, амал-әдісі, қылмысты кімдердің жасағаны, оған қанша адамның қатысқаны, істеген қылмыстың зардабы, залалы, сипаты мен мөлшері және қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары анықталады. Бұлар - заңда көрсетілген, міндетті түрде дәлелдеуге тиісті -жағдайлар, қылмысты оқиғаға тікелей қатысы бар деректі мәліметтер. Сондай-ақ, жауап алу арқылы тікелей қылмысты оқиғаға қатысы жоқ, бірақ қылмысты ашуға керекті аралық мәліметтер де алынады. Айталық, қылмыскердің қайда екенін, оның мекен-жайын білу үшін қылмыскердің ең жақын адамдарынан жауап алуға тура келеді. Жауап алудың мұндай аралық түрінің, қылмысты ашуға тікелей қатысы болмаса да, істі тез ашуда, қылмыскерді тауып ұстауда, істің кейбір мән-жайын анықтауда үлкен маңызы бар.

Жәбірленушінің, куәнің жауаптары істегі басқа деректерді нақтылап, тергеушінің, соттың оқиғаның мән-жайына толық қанығып, тиісті шешім қабылдауына зор-септігін тигізеді. Дегенмен, болған қылмыстың мән-жайын қылмыскердің өзінен артық ешкім білмейді. Сондықтан қылмысты мойындап, өз қателігін дұрыс түсінген қылмыскерден аса маңызды мәліметтер алуға болады. Бірақ оны асыра бағалап, оған ерекше сенімділікпен қарауға болмайды. Өйткені, істегі деректердің дәлелдемелік

күштері бірдей, бірінен-бірінің артықшылығы жоқ. Сондықтан қылмыскердің қылмысын мойындап, берген жауабына да сын көзбен қарау керек. Тіпті, кей жағдайларда қылмыскердің ауыр қылмысын жасыру үшін, бір ұсақ қылмыстарын мойнына алып, тергеушіні осыған сендіріп, өзінің жасаған ауыр қылмыстарынан құтылып кетуге тырысуы мүмкін. Айып істегі барлық деректердің тұжырымды қорытындысына ғана негізделуі тиіс [1].

**Жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.** Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас қалыптасады. Психологиялық тұрғыдан ол қарым-қатынас олардың көзқарасында қайшылықтың бар-жоғына байланысты орнығады. Егер жауап беріп отырған адам өз еркімен шындықты, істің мән-жайын толық айтып отырса, мұндай пікір қайшылығы жоқ жағдай деп есептеледі.

Ал, егер жауап беріп отырған адам жалған жауап беріп, істің кейбір мән-жайларын жасырып, айтқысы келмей жалтарса, мұндай жағдай келіспеушілік, яғни қайшылықты жағдай деп саналады.

Іс бойынша толық мәлімдеме алу үшін осы екі жағдайда да белгілі бір тактикалық әрекеттер қолданылады.

Бірінші жағдайда тергеу әрекеттері ұмытылып қалған оқиғаның кейбір мән-жайын жауап беріп отырған адамның есіне түсіруіне бағытталса, екінші жағдайда тактикалық әдіс жауап беріп отырған адамның өтірігін шығарып, әшкерелеп, оның шындықты айтуына мәжбүр етуге бағытталады.

Жедел-ізвестіру деректерін пайдаланудың барлық әдістерін егжей-тегжейлі сипаттап беру мүмкін емес. Өйткені, ол тексерілетін нақты іске байланысты өзіндік ерекшелігімен, өзіндік тәсілдерімен анықталады. Дегенмен, криминалистика ғылымы жедел-ізвестіру деректерін пайдаланудың жалпыға, мейлінше ортақ бірқатар тәсілдерін ұсынады. Ондай тәсілдер төмендегідей:

а) жауап алу барысында сұрақтардың сипатына орай айыпкер оның шыққан көзін байқап қалатын деректерді пайдаланбағаны жөн;

б) егер қолданылған шаралардың барысында айыпкердің қылмыстық жолмен жинаған құнды заттары, мүліктері, т.б. заттай айғақтары жасырылған жерлерді анықтайтын қайсыбір деректер табылса, ол заттарды, не мүліктерді тергеу әрекеттері (тінту, т.б.) арқылы қолға түсіріп, содан кейін ғана оның нәтижелерін, жауап алу кезінде пайдалану ете орынды болады. Мұның өзінде бұл заттай дәлелдемелердің қалай алынғандығын айыпкер білмеуі тиіс;

с) жауап алу барысында қаралатын іс бойынша барлық айғақтарды айыпкерге толық көрсетуге асықпау керек. Мұндай асығыстық тергеу орнына қайсыбір заттай дәлелдемелердің қалай түскенін айыпкердің байқап қалуына соқтыруы мүмкін;

д) егер жауап алушыға жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында анықталған қайсыбір фактілерді жауап алу жөніндегі хаттамаға енгізу қажеттігі туындаса, ол фактіні растайтын жәйттерді (уақытқа, тұраққа т.б. байланысты) алдын ала мұқият тексеріп алу керек. Егер жауап беруші тергеушінің назарын аударған мәселеге қажет қосымша деректерді білдірсе,

ол деректер ұсақ-түйегіне дейін сұралып, кейін егжей-тегжейлі тексерілуі тиіс.

***Кәмелеттік жасқа толмағандардан жауап алу ерекшеліктері.***

Кәмелеттік жасқа толмаған куәдан, айыпталушы тергеушіге немесе сотқа оның ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері арқылы, ал олар болмаған жағдайда қамқоршы және қорғанушы органдары арқылы шақырылады. Кәмелеттік жасқа толмаған айыпталушыдан, куәдан жауап алу қорғаушының, заңды өкілдің, ал қажет жағдайларда психологтың, мұғалімнің қатысуымен жүргізіледі. Қорғаушы жауап алушыға сұрақтар қоюға, ал жауап алу аяқталғаннан кейін хаттамамен танысуға және айғақтар жазбасының дұрыстығы мен толықтығы туралы ескертулер жасауға құқығы бар. Кәмелеттік жасқа толмаған куәдан және жәбірленушілерден жауап алу, негізінде, тыныш жағдайда, онымен әңгімелесу нысанында жүргізілуі тиіс, жасөспірімнің көңілін ешкім және ештеңе аудармауы тиіс. Кәмелеттік жасқа толмағанның жауаптарын хаттамаға жазу одан сұралған оқиғаны немесе мән-жайларды ол мазмұндап берген соң ғана жүргізіледі. Кәмелеттік жасқа толмаған куәдан, айыпталушыдан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және үзіліссіз екі сағаттан артық, ал жалпы алғанда — күніне төрт сағаттан артық жалғастырылуға тиіс емес. Кәмелеттік жасқа толмаған анық шаршаған жағдайда жауап алу осы уақыт аяқталмай-ақ тоқтатылуы тиіс [2].

Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 215-бабына сәйкес: 1) 14 жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін, ал тергеушінің қалауы бойынша 14 жастан 18 жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог шақыртылады. Кәмелеттік жасқа толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы; 2) 16 жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге айғақ беруден бас тартқаны үшін және көрінеу жалған айғақ бергені үшін жауапкершілік туралы ескертілмейді, өйткені көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Мұндай куәлар мен жәбірленушілерге іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттері түсіндірілген кезде оларға тек шындықты ғана айтудың қажет екені атап көрсетіледі. Кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіге өздерінің немесе жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі. 3) Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген жауап алуға қатысушы адамдарға хаттамаға енгізілуге тиісті жауап алынып отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы ескертпелер беру, сондай-ақ тергеушінің рұқсатымен жауап алынып отырған адамға сұрақ қою құқығы түсіндіріледі. Тергеуші сұрақ қоюды қабылдамауға құқылы, бірақ оны хаттамаға енгізуге және қабылдамаудың себебін көрсетуге тиіс [3].

Кәмелеттік жасқа толмағандардың істері бойынша іс жүргізудің аталған ерекшеліктері мемлекеттің кәмелеттік жасқа толмаған куәлардың (айыпталушының) құқықтары мен заңды мүдделерін тиісті қорғауды қамтамасыз етуге ұмтылыс жасап жатқандығын көрсетеді

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- [1] Криминалистика: Оқулық / Е.Ғ.Жәкішев, Ә.А.Исаев, Г.Х.Найманова, Р.Б.Тапалова, Н.С.Темірболат. – Алматы: Қазақ университеті 2005 жыл
- [2] Ш.Е.Әмитов, М.Т.Сатыбалдинов, С.Ж.Сембиев, А.Қ.Ибраева Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі: Алматы: ҚР ІІМ Академиясы ҒЗЖРБЖҰБ, 2007 жыл
- [3] Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 215-бабы

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдрахман А.Д.</b> Қылмыстан сақтандыру және сот билігі.....	
<b>Абдрахметова А., Жоламанова Н.</b> Адвокаттық қызметті ұйымдастыру.....	
<b>Абен Т.А.</b> Жеке басы белгісіз мәйіттерді криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
<b>Адамбеков А.А.</b> Қазақстандағы ювеналды юстицияның дамуы және қызмет атқару ерекшеліктері.....	
<b>Айнакулова Д.</b> Этика адвоката.....	
<b>Асқарқызы Ә.</b> Кісі өлтірудің тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.....	
<b>Асубаева А.С.</b> Криминалистикалық одорологияның қылмысты ашудағы маңызы.....	
<b>Асубаева А., Джаугаштина А.</b> Қылмыстық сот ісін жүргізуде бәсекелестік принципінің қылмыстық процессуалдық мәселелері.....	
<b>Әбдіқожаева А., Базарлинова А.</b> Адвокаттық құпия және адвокаттың кәсіби әдебі.....	
<b>Әшімбаева А.М.</b> Проблемные вопросы уголовно-правовой и криминалистической характеристик угона и кражи транспортных средств.....	
<b>Байбалаев А.Б.</b> Кәметке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы және оның алдын алудың проблемалары.....	
<b>Баймбетова Л.Т.</b> Криминалистикалық болжамдар және олардың қылмыстарды ашу мен тергеудегі рөлі.....	
<b>Байшуахов А.М.</b> Специфика судебной речи.....	
<b>Балтабаев А.Ғ.</b> Бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі ұйымдасқан қылмыстық топтардың тарабынан орын алатын бопсалау қылмысымен күресу болып табылады.....	
<b>Болатбекқызы Ә.</b> Адамның аяқ іздерін зерттеудің мәселелері.....	
<b>Бураханова А.Н.</b> Некоторые особенности женской преступности.....	
<b>Дарибаева Қ.Б.</b> Жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасы.....	
<b>Даутова Н.</b> Судебное красноречие.....	
<b>Даутова Н.</b> Некоторые особенности допроса как разновидности общения... ..	
<b>Джаугаштина А.К.</b> Хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
<b>Dzhumakhanbetova E.</b> Qualification of an unfinished crime.....	
<b>Дүйсенбай Р.М.</b> Тонау бойынша жүргізілетін алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру шаралары.....	
<b>Ем М.</b> Проблемы участия законного представителя в допросе несовершеннолетнего подозреваемого, обвиняемого на предварительном расследовании.....	
<b>Ералиева К.Ш.</b> Проблемы прокурорского надзора за законностью исполнительного производства.....	
<b>Естібай А.А.</b> Проблемы педофилии среди молодежи.....	
<b>Жұмақұлова А.М.</b> Ақша белгілерінің техника – криминалистикалық сараптамасы.....	

<b>Жумаханова Х.Ж.</b> Телефонды сөйлесімдерді тыңдаудың құқықтық аспектілері.....	
<b>Жумаханова Х.Ж.</b> Қорқорды қорғайтындар «қор» болды.....	
<b>Ибраева А.Ч.</b> Проблемы профилактики преступлений, совершаемых детьми с девиантным поведением.....	
<b>Ибрашев Н.М.</b> Қорқытып алушылық қылмысы бойынша кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикалық ерекшеліктері.....	
<b>Ильяшева Д.Б.</b> Адвокатская тайна.....	
<b>Итахунова Г.</b> К вопросам предупреждения насилия над женщинами.....	
<b>Кабен Н.</b> Проблемы предупреждения женской преступности.....	
<b>Каймулдинова П.</b> Трасология.....	
<b>Калилаханов А.</b> Значение обвинительной речи прокурора в судебном разбирательстве.....	
<b>Кожаметова А.</b> Участие адвоката в гражданском процессе.....	
<b>Кудабаева А.Б.</b> Кәмілеттік жасқа толмағандардан жауап алудың ерекшелігі.....	
<b>Кусаинов А.Г.</b> Доказательственная речь (как должна звучать убедительная речь).....	
<b>Макрушин А.О.</b> Виды судебных речей и их особенности.....	
<b>Малқарбаева М.</b> Общеуголовная корыстная преступность.....	
<b>Мәулен Қ.Ә.</b> Ізін суытпай қылмыстарды тергеудің әдістемесі.....	
<b>Мірәлиева М., Үмбет А.</b> Қазақстан Республикасында адвокаттық қызметінің мәселелері.....	
<b>Мукажан А.</b> Проблемные вопросы квалификации хулиганства.....	
<b>Муратова А.</b> Қазақстан Республикасында кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.....	
<b>Нұрланұлы Б.</b> Қылмыстан сақтандырудың жүйеленуі.....	
<b>Омарова М.С.</b> Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының биліктің басқа да тармақтарымен өзара байланысы.....	
<b>Омарова Н., Омарова М.</b> Шет мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.....	
<b>Өрісбаева З.Т.</b> Жол-көлік оқиғасын тергеу әдістемесі.....	
<b>Сағынаева Ұ.С.</b> Криминалистикалық есепке алу және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
<b>Сағынбаева Ә.Е.</b> Қылмыстық заңды дамыту – негізгі құқықтық қажеттілік.....	
<b>Сандыкбаева А.</b> Причины и условия преступности несовершеннолетних.....	
<b>Сатыбалдина С.К.</b> Тінту тактикасының ерекшеліктері.....	
<b>Сембай Д.</b> Жауап алу тактикасының ерекшеліктері. Кәмілет жасқа толмағандардан жауап алу немесе жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.....	
<b>Серик М.Т.</b> Обстоятельства, исключющие участие адвоката в качестве защитника.....	
<b>Серікбаев А.М.</b> Криминалистикалық одорология және оның қылмыстарды ашу мен тергеудегі маңызы.....	



<b>Тастанов А.Д.</b> Азаматтық істер бойынша адвокат өкілдің рөлі: құқықтық негіздемелері.....	
<b>Тойшыбаева А.</b> Судебная речь.....	
<b>Торбек А.С.</b> Адвокат в уголовном процессе.....	
<b>Төлмұратова А.Т.</b> Адвокаттық құпия.....	
<b>Халимназаров Б.</b> Некоторые вопросы деятельности органов прокуратуры в Республике Казахстан.....	
<b>Хильман А.И.</b> Телефонды сөйлесімдерді криминалистикалық қамтамасыз ету.....	
<b>Шарафи С.</b> Проблемы оперативно-розыскной деятельности.....	
<b>Шукуралиев Ф.</b> Некоторые вопросы модернизации правоохранительной системы.....	
<b>Ягмусова А.</b> Эвтаназия: проблемы квалификации и правового закрепления...	